

Жайылым отын пайдалану

- **Жайылым** — оты мол табиғи немесе жасанды өрістік жер алқабы, мал еркін жайылып , бағылатын жер алқабы. Табиғи жайылым және екпе жайылым деп екіге ажыратылады.



- Табиғи жайылым орналасуына, өсетін өсімдік түрлеріне және пайдалану әдісіне байланысты маусымдық (көктемдік, жаздық, күздік, қыстық) және жыл бойы пайдаланатын жайылым болып бөлінеді.

- Екпе жайылым бір жылдық, қысқа мерзімді (5 — 6 жыл) және ұзақ (7 — 10 жыл) мерзімді болады. Табиғи жайылым, негізінен, көп жылдық жабайы өсетін шөптерден, кейде қыналардан (тундрада), бұташық пен бұталардан (тундра, шөл және шөлейтте) тұрады. Екпе жайылымға бір жылдық, көп жылдық астық және бұршақ тұқымдас шөптерді араластырып егеді.

- Шөлейт дала Ж-дарының құрамында жусан басым. Сонымен қатар күйреуік, изен, теріскен, т.б. өсімдіктерден тұрады. Әр гектарынан 0,5 — 7,0 ц шөп түседі.

- Шөлдегі Ж-дардың 1/3-і құмды жерде орналасқан. Мұнда изен, теріскен, еркекшөп, қылша, жүзгін, сексеуіл жиі кездеседі. Әр гектарынан 1 — 7 ц шөп түседі. Тау Ж-дарының оты да алуан түрлі. Жазық жерде орналасқан Ж-дармен қатар мұнда альпі және субальпі шалғындарынан тұратын жаздық Ж-дар да көп. Олардың әр гектарынан орта есеппен 10 ц шөп түседі. Ж-дар жеке телімдерге бөлініп, мезгіл-мезгіл ауыстырылып отырады.

- Тыңайтқыш себу, мал жемейтін өсімдіктерді отау, арам шөптен тазарту, т.б. шаралар — Ж. ауыстыруға қойылатын негізгі талаптар. Ж-ды шөп шығымдылығына, бағылатын мал санына, жайылым мерзімінің ұзақтығына қарай бөліп пайдаланады. Ойпат жер Ж-ын 6 — 12, орманды алқап 6 — 8, аңғарлы адыр 10 — 12, далалы Ж-ды 15 — 20 бөлікке бөледі. Малды әр бөлікке көктемде шөп аз кезде 2 — 3 Бөлінген Ж-ды түгел пайдаланғаннан кейін, малды шөбі өскен бірінші бөлікке қайтадан жаяды.

- Жайылым жазда 2 — 5 рет ауыстырылады. Жайылымды пайдалану кезіндегі мал жаю циклдары арасындағы жайылым тынықтыру уақытын дұрыс сақтаудың үлкен маңызы бар. Шөл, шөлейт аймақтардағы Ж-дар белгілі бір жүйе бойынша пайдаланылады. Дала, орманды дала белдемдерінде мал 180, шөлейт белдемде 240 — 250 күн, шөл белдемінде жыл бойы Ж-да бағылады. күннен, шөп көбейе бастағанда 5 — 6 күннен жаяды.

- Еліміздің климат жағдайына, белгілі бір аймақтағы өсімдіктердің ботан. құрамына қарай жайылым түрлері көп. Далада және қуан далада орналасқан жайылымдар далалық жайылым деп аталады. Мұнда жусан, еркекшөп, шайқурай, тобылғы, қараған сияқты өсімдіктер өседі. Далалық жайылымның әр гектарынан 3 — 8 ц шөп түседі.

- **Ауыспалы жайылым**, жайылымды алмастырып пайдалану - жер отының мол болуын қамтамасыз ететін ғылыми шараның бір түрі.
- **Жайылым** бірнеше өріске бөлініп, алмастырылып пайдаланылады. Әр жайылымның түріне қарай оның айналымы белгіленіп, жайылымды күту шаралары көрсетіледі. Жайылымды бөліп пайдаланғанда, оның кей бөлігіне малды жыл сайын кешірек жаяды, сонда ғана келесі жылы өсімдік бітік өсіп, жердің оты тез көтеріледі.

- Мал табынына жайылым белгілеу үшін жердің отын анықтау керек. Жайылымды ауыстырып пайдалану үшін әрбәр шаруашылыққа нормадан тыс артық жер бөлінеді:
- далалық аймақта 10-15%,
- шөлейтті аймақта 20-25%,
- шөлді аймақта 30-35%.





- Қазақстан жағдайында табиғи жайылым отын мейлінше толық пайдалануға негізделген ет, сүт өндіру бағытындағы жылқы шаруашылығын дамыту мүмкіншілігі зор. Осы ретте жекелеген аймақтардың табиғи жақсы бейімделген етті-сүтті бағытағы көшім, мұғалжар атты жаңа жылқы тұқымдары мен қазақы жылқының таза етті бағыттағы жабы атты жаңа түрі шығарылды. Соңғы кезде жылқы саны Қазақстанда қайтадан көбеюде.



- ҚР-ның ауыл шаруашылығы алқаптары аумақтың 82 %-ын немесе 222,6 млн. га алып жатыр, оның ішінде жайылымдар үлесіне 84,8 %-дан немесе 189 млн. га, жыртылатын жерлердің үлесіне 9,8 %-дан немесе 21,9 млн. га, шабындықтар мен шоғырлар үлесіне 2,3 %-дан келеді.

- Түрлері:
- Жасанды жайылым;
- Мәдени жайылым.
- Мәдени жайылымды арнайы шөп тұқымдарын егіп, оны суармалап, шалғынын шауып, қалғанына мал жайып, малды семірту жолын қарастыратын шұрайлы жер аймағы. [1]

- Жайылымдарды суландыру [өндеу]
- Жайылымдарды суландыру (*Обводнение пастбищ*) — жайылымдарды жергілікті өзен-көл, жер асты су қорларын пайдалану немесе каналмен басқа жақтан су жеткізу жолымен қажетті сумен қамтамасыз ету. Жер жағдайына байланысты жайылымды суландыруды өзен, бастау құдықтарды немесе жер асты суларын сорғышпен жоғары көтеріп, құбыр желілерімен суды суармалы жер танабына бөліп таратады.

- Жайылымды толық пайдалану коэффициенті [өңдеу]
- Жайылымды толық пайдалану коэффициенті (*Коэффициент полноты пользования пастбищ*) — нақты бір жайылымдағы жем-шөппен азықтанған мал санының сондағы барлық жем-шөп қорына қатынасы; процентпен өлшенеді.